

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

келісім-шарттар саны 40 мыңға жуық болды. Ерікті зейнетақы жарналары зейнетақы капиталын қаржыландыру тәсілдерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, ерікті жарналарды туыстар мен достардың пайдасына төлем аударуға болады және де ерікті зейнетақы жинақтарының артықшылығы зейнетақы жинағын жалпы қабылданған зейнеткерлік жасынан әлдеқайда ерте алуға болады, қазірдің өзінде әйелдер-50 жас, ерлер-55 жас. Ағымдағы заңнамалық режим қосарланған салық салу және онымен байланысты қолайсыздықтар қауіпін тудырады. [2]

Біріншіден, үшінші тұлғалардың пайдасына төлем аудару жағдайында салықтан шегеру қарастырылмаған.

Екіншіден, ерікті зейнетақы жарналарын төлеу кезінде қосарланған салықты болдырмау үшін, салымшыға тез арада жұмыс берушінің жарналарын аудару туралы хабарлауға және растау құжаттарын қамтамасыз етуі тиіс. Ерікті зейнетақы жинақтарының маңызын түсіну үшін дамыған елдердің зейнетақы жүйелерінің тәжірибесіне жүгінуге тура келеді. Кейбір шет елдер тәжірибесінде ерікті жарналардағы салық ерікті жарналардағы төлемдерді аудару кезінде немесе төлем алған кезде төленеді. Кейбір елдерде, мемлекет жинақталған ерікті қаражатты төлеу кезінде қосымша салық жеңілдіктерін береді. Мысалы, кейбір шет елдерде (Чили, Сингапур, Латвия) жеке табыс салығын төлеу кезінде тек жинақталған табыс есептеледі. Чилиде салымшылардың салымдарының барлық түрлеріне зейнеткерлік жас әйелдерде 60 жастан, ерлер үшін 65 жастан басталады. Сингапурда барлық салымшылар үшін, яғни әйелдер мен ерлер де зейнетке 62 жасында шығады.

Қорытындылай келе, зейнетақы заңнамаларына жаңа түзетулер енгізу қазақстандықтарды зейнетақымен қамтамасыз етудің бүкіл жүйесінің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру болып табылады. Салымшылар бір қордан екіншісіне зейнетақы жинақтарын аудару құқығын белсенді пайдаланады. Бүгінге дейін зейнетақымен қамсыздандыруда жұмыс берушінің қатысуы қарастырылмаған еді. Мемлекет базалық зейнетақы төлемін төлейді, жұмыскер өз табысынан 10 пайызын міндетті зейнетақы жарнасына аударады. Енді 2018-жылғы 1-қаңтардан бастап жұмыс беруші өз есебінен 5 пайыз жарна аударады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Искаков Ұ.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А., Қаржы нарығы және делдалдары: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2008. – 296 бет.
2. www.enpf24.kz
3. www.nationalbank.kz

УДК 338

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА САЛЫҚТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Кәрімжанова Айжан Бауыржанқызы

akbauyrzhankyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - э.ғ.к., доцент Бейсенова Л.З.

Кез – келген елдің егемендігінің басы нышандарының бірі – өзіндік салық салу жүйесінің болуы және де ол бірден – бір мемлекеттің қаржы саласындағы реттеу құралы болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: « Салық – мемлекет тұрақтылығының кепілі, » деген сөзі нарық экономиясын қалыптастырушы егеменді ел үшін негізгі ұстаным ретінде қалыптасты.

Халықаралық өркениетті стандарттар мен нарық талаптарына сай келетін, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге қол жеткізуге жол ашатын әлеуметтік –

экономикалық жанама ықпал етудің елеулі құралы салықтар, салық салу жүйесі және мемлекеттің салықтық құқығы. Сондықтан да әлемдік нарыққа бет бұрғанда мемлекеттің салық саясатының қаншалықты ретке келген деңгейі мен жағдайын ескеру өте маңызды. Осы орайда еліміздегі саяси-экономикалық реформалардың, әсіресе салық жүйесіндегі жүргізілген реформалар, бүгінде Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қалай бағалайды? Салықтардың басты ролі мен орнын қалай айқындауға болады деген мәселелер мазалайтыны сөзсіз.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіру «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың жалпы интегративті мақсаты ретінде белгіленген.

Осындай мақсатты индикаторды Елбасы бірінші рет 2006 ж. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Жолдауында қолданды.

Менеджментті дамытудың Халықаралық институтының Әлемдік бәсекеге қабілеттілік туралы жыл сайынғы баяндамасының бағалауы бойынша Қазақстан барынша дамыған 30 ел қатарына кіруге жақын. 2013 жылғы IMD рейтингінің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы 34 орынға ие. Қазақстан Чех Республикасы (35 орын), Үндістан (40 орын), Түркия (37 орын), Италия (44 орын) және Португалия (46 орын) секілді елдердің алдында орналасқан. ТМД елдері арасында Қазақстан Ресейді 8 тармақ бойынша (42 орын) және Украинаны 15 тармақ бойынша (49 орын) озып көшбасшы позицияны алды.

Бүгінде егеменді Қазақстанымыз дамыған алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына қосылуды жоспарлап отыр, ал оған қол жеткізу үшін еліміздің экономикасының еңсесін әлі де көтеру қажет, ал экономикалық өсім мен тұрақтылықтың басты кілті салықтарда екенін ескерсек, салықтық жаңашылдықтар үздіксіз қолданыста болуы шарт.

2017 жылы Қазақстан қазіргі құн салығынан бас тартып, салықтың тек үш түрімен жұмыс істейді. Бұл туралы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» тақырыбында Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялаған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мәлім етті.

«2017 жылы қазіргі құн салығының орнына біз сатудан түсетін салық түрін енгізуіміз керек. Тиімсіз салықтық жеңілдіктердің барлығынан бас тартқан дұрыс. Салық жүйесін оңтайландыру керек. Салықтың тек үш түрін қалдыру керек. Біріншісі, бәрімізге белгілі ортақ салық. Екіншіден, жеке кәсіпкерлерге арналған салық, үшінші салық түрі ретінде шағын және орта кәсіпкерлік пен аграрлық секторға арналған арнайы салық режимін енгізуіміз керек», -деген Елбасы бұл тетік көлеңкелі экономикамен күресуде өте тиімді болатынын жеткізді.

«Үкіметтің басты міндеті - салық жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету. Тек осы шаралар арқылы экономикадағы әрбір субъект салықты толығымен төлейтін болады», -деп атап өтті ҚР Президенті.

Қандай елде болмасын тауар өндірушілер мен кәсіпкерлерді толғандыратын мәселе - салықтық жүйенің оңтайлылығы. Демек, салық жүйесі арқылы отандық өндірушілердің тауар өндіру ынтасына ықпал етуге болады. Осындай проблемаларды кезінде батыс экономистері зерттеп, өз концепцияларын ұсыну арқылы өз мемлекеттерінің экономика саласын жоғарлатуда елеулі еңбек еткен. Солардың бірі американ экономисі Артур Лаффер болатын. Оның айтуынша, салықтық ставкаларды шектен тыс көтермей, салық төлеушілердің табыстарына қысым жасамай, кәсіпкерлердің іскерлік қабілетін жоғарлата отырып, салықтық базаны неғұрлым көбейтуге болады. Осылайша мемлекет табысын молайтудың жолын ұсынды.


Ал экономиканы дамытушы басты саланың бірі –шағын және орта бизнес екенін ескерсек, дәл осы салада салықтық бағыттағы шаралар жан-жақты үздіксіз реттеуді қажет етеді.

Жалпы, ел экономикасын көлеңкелі экономикадан шығару, салық төлеушілердің салық ауыртпалығын еңсере білуі – мемлекеттің қаржылық ахуалын түзетудің бірден бір жолы. Себебі, салықтық тексерулерге талдау жасасақ, тәжірибиеде ең көп салықтық

құқықты бұзушылық осы шағын кәсіпорындарда байқалады, әсіресе уақытында салық тіркеуіне тұрмау, уақытында салықтық есепті өткізбеу, түскен қолма-қол ақшаны есепке алмау, жымқыру, салыққа тартылатын табыс көлемін азайту, бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізбеу сияқты жағымсыз оқиғалар. Бұлар өз кезегінде мемлекет бюджеттінің ойсырап қалуына әкеледі.

Ал көлеңкелі экономика үлесін азайту қашанда болса назардан тыс қалмауы шарт.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес 2012 жылдың қорытындылары бойынша ЖІӨ көлеміндегі көлеңкелі экономиканың үлесі 2005 жылғы 20,1 %-дан төмендеп, 19,2 %-ды құрады (1-сурет).



1-сурет – Көлеңкелі экономиканың 2005 – 2012 жылдардағы ЖІӨ көлеміндегі үлесі, %-бен

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (жасырын және формалды емес экономика бойынша деректер ғана ескеріледі)

Көлеңкелі экономиканың негізгі үлесі (64,6 %) 4 салаға тиесілі: «Сауда» – 22,9 %, «Ауыл шаруашылығы» – 15,6 %, «Көлік» – 14,1 %, «Жылжымайтын мүлік пен жасалатын операциялар» – 12 %.

Демек, ЖІӨ көлеміндегі көлеңкелі экономиканың үлесі 2005 жылғы 20,1 %-дан төмендеп, 19,2 %-ды құрағаны қандай да бір салықтық реформалар нәтижелері деп те қарауға болады.

Еліміздегі көлеңкелі экономика құрылымының жартысынан көбін бейресми қызметтер арқылы жүргізілетін тауарлар мен қызметтері өндірісі алатынын айтады. Сондай-ақ, көлеңкелі экономиканың өрістеуіне салықтың жоғарылығы, қаржы жүйесінде дағдарыс әрі оның экономикаға теріс әсері, жекешелендіру үдерістерінің жетілдірілмеуі, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі, жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы, заңнаманың жетілдірілмегендігі, заңсыз әрі криминалдық сипатқа ие экономикалық қызметтердің жолын кесудегі құқық қорғау органдарының әлсіздігі сынды факторлар тікелей әсер ететін көрінеді. Аталған әлеуметтік-экономикалық және құқықтық факторлардың көбісі ойдағыдай жүзеге асып жатқанымен, ел Үкіметі көлеңкелі экономикамен күресті жандандыру бағытында бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Яғни, іске асырылуы тиіс шаралардың тиімді түрі ретінде электронды бақылау-кассалық машиналарын орнату мен электронды есепшот фактурасын енгізу болып отыр.

Айтып өту керек, елімізде алкоголь өнімдері мен мұнай өнімдерін сатуды жүзеге асыратын салық төлеушілерге арналған деректерді онлайн режимде беретін бақылау-кассалық машиналарын қолдану 2015 жылдың 1 шілдесінен басталып кеткен болатын.

Ел экономимкасын көтеру мақсатында мемлекет тарапынан істеліп жатқан шаралар аз емес. Мемлекет басшысы айқындаған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында салық режимдері мен рәсімдерін оңтайландыру, кірістер мен шығыстарды жаппай салықтық декларациялау, тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу, кеден және салық жүйелерін интеграциялау секілді шаралар көзделген. Мемлекеттің салық жүйесі ұлттық экономиканың талаптарына және қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлерге төтеп беруі тиіс, олардың

қатарында еліміздің кірісін төмендетіп отырған мұнай бағасының арзандауы; экономикалық өсімнің баяулауы; ұлттық валюта бағамының төмендеуі; Ресейге қарсы енгізілген санкциялардың ықпалы да бар. Осы тұрғыда Сенат төрағасы Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев салық жүйесі бюджетті теңгерімдеумен қатар, экономиканың құрылымдық өзгерістері мен инновациялық дамуын қамтамасыз етуге, жоғары технологиялық өндірісті құруға және шикізаттық емес экспорт пен өңделген өнімнің өсімін ынталандыруға бағытталуы тиіс деп санайды. «Біздің басты мақсатымыз - мемлекеттің және салық төлеушілердің мүдделерін үйлестіре отырып, тиімді және болжамды салық жүйесін құру», - деді жоғарғы палатаның басшысы.

Бүгінгі қазақстандық салық заңнамасы көптеген елдермен салыстырғанда мейлінше ырықтандырылған және Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасында бизнес үшін ең тартымды болып табылады. Мұны Дүниежүзілік банктің рейтингісі де растай түседі, онда Қазақстан «салық салу» индикаторы бойынша 17-орында тұр.

Мемлекет басшысының бес институттық реформасын іске асыру аясында салық салу жүйесін жетілдіруге бағытталған заң жобалары қажет делінген. Ұсынылған шаралар көлеңкелі экономиканы қысқартуға және салықтық әкімшілендірулерді жақсартуға бағытталған. Бес институционалдық реформа аясындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 44 және 45-қадамдарын жүзеге асыру мақсатында келесі жылы салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады. Бұл ретте заң жобасы негізінен жанама салықтарды әкімшілендіру және көлеңкелі экономиканы төмендету шараларын қамтымақ.

Бүгінгі Қазақстан қолда бар мүмкіншіліктерді пайдалана отырып әлемдік экономикаға ойдағыдай кіруге бағытталған мемлекеттік саясатты қолдайды.

Жалпы алғанда, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралардың ішінде салық жүйесінің де орны ерекше екенін айта кеткен жөн.

Қарапайым тұрғыдан қарастыратын болсақ, арнаулы салық тәртібі, салықтық жеңілдіктер түрлері, төмендетілген салықтық ставкалар, тарттық бизнес үшін белгіленген банктік несие ставкалары т.с.с. қарастырылған жағдайлар салық төлеушілердің жеке табыстарының деңгейлерін жоғарлататыны анық. Ал бұл, өз кезегінде инвестиция көлемін ұлғайтып, отандық өндіріске оңтайлы әсерін тигізеді. Қазақстан шетелдік инвестиция тарту көлемі бойынша көш басында → 2005 жылдан бері елімізге жалпы сомасы 184 миллиард доллардан астам инвестиция тартылған. Бұл Қазақстанның шет елдік инвесторлар үшін тұрақты әрі сенімді әріптес екедігінің белгісі.

Инвестиция арқылы өндіріс орындары кеңейіп, жаңа жұмыс орындары пайда болады, жұмысшылар саны мен табыстарының көбейуі, салық салынатын базаның көбейуіне әкеледі, нәтижесінде мемлекет табысының деңгейі жоғарлауы дамыған мемлекеттермен экономикалық қарым-қатынастар жасауға мүмкіндік туғызады.

Демек, салық механизмі арқылы инвестиция көздерін мемлекетке тарта отырып, отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілетті өнімдер өндіріп, әлемдік нарыққа бет бұрып, Қазақстанның БСҰ-ға лайықты мүше екенін дәлелдеуге болады.

Қорыта келе, жаһандық бәсекелестіктің арнасына еркін еніп, еліміздің экономикасының дамыған алдыңғы қатарлы елдер арасынан өз орнын нық бекітетініне сеніміміз мол.

«Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету! Әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру. Біз бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз»- деген сөздермен халыққа жолдауында ел президенті дағдарыс жағдайында еңсемізді түсірмей, белді бекем буып, сынақтан сүрінбей өтуге шақырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы : «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» -Астана, 30.11.2015ж.
2. Салық саясаты жаһандық қатерлерді ескеруі тиіс. Қ.Тоқаев /Түркістан –Халықаралық саяси апталық газет 02.12.2015ж
3. Көлеңкелі экономикаға қалай кедергі боламыз?<http://www.m-astana.kz>
4. Салық саясатын тиімді әрі сауатты жүргізу - уақыт талабы <http://kazinform.kz/kaz/12> қазан 2015.

УДК 330.322.1

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ИСЛАМСКОГО БАНКИНГА В КАЗАХСТАНЕ КАК ОДНОГО ИЗ СЕКТОРОВ ИСЛАМСКИХ ФИНАНСОВ

Кодашева Гаухар Смагиловна

kodasheva@mail.ru

докторант 1 курса специальности «Финансы»

Экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Внедрение инструментов исламского финансирования в Казахстане началось в 2005 году, с привлечения исламского капитала «Банком ТуранАлем». Далее, по инициативе Президента Республики Казахстан государственные органы для поддержки развития исламских финансов в Казахстане с 2006 года начали работу по внесению необходимых изменений и дополнений в действующее законодательство по вопросам исламского финансирования.

На сегодняшний день деятельность исламских финансовых институтов регламентируется Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам организации деятельности исламских банков и организации исламского финансирования», Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам страхования и исламского финансирования». Кроме того, в 2012 году Правительством Республики Казахстан была утверждена Дорожная карта развития исламского финансирования до 2020 года, в рамках которой рассматриваются вопросы по совершенствованию законодательства по исламскому финансированию, целесообразности создания отдельно действующей нормативно-правовой базы для функционирования исламских небанковских и микрофинансовых учреждений и компаний, имеющих статус профессиональных участников рынка ценных бумаг и др.

Кроме того, поддержка государством развития исламских финансов прослеживается и в 100 шагах по реализации 5 институциональных реформ Главы государства, обозначенных на расширенном заседании Правительства 6 мая 2015 года. Шагом 71 предусмотрена разработка стратегии развития финансового центра со специализацией на обслуживании рынков капитала и исламском финансировании.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан «О Международном финансовом центре «Астана» и передислокации Национального Банка Республики Казахстан в город Астану» № 24 от 19 мая 2015 г., Правительством Республики Казахстан совместно с Национальным Банком Республики Казахстан был разработан совместный План действий по созданию и развитию центра на долгосрочную перспективу.

Согласно данному Плану совместных действий Правительства и Национального Банка Республики Казахстан, Международный финансовый центр «Астана» планируется